



Бекітемін
Мектеп директоры
Б Е Габдолова

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

№	Іс – шаралар	Орындалу мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	Ұйымдастырушылық іс-шаралар. - Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру. - Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау.	тамыз	әлеуметтік педагог	жоспар
2	- «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау. - Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	тамыз	әлеуметтік педагог	акция аясында
3	- «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну. - Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	пед кеңес анықтама
4	-Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау. -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	пед кеңес анықтама

	- Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар - Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) -Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар			
5	Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.	тамыз	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	пед кеңес анықтама
6	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.	тамыз	әлеуметтік педагог сынып жетекші кітапханашы	пед кеңес анықтама

7	Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты : Толық отбасылар Толық емес отбасы Анасы жоқ отбасылар Әкесі жоқ отбасылар Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы Көп балалы отбасы Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар; Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар Өгей ата-анамен тұратын Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін Тасымалданатын оқушылар Жалдамалы пәтерде тұратын отбасылар Ата-аналарының білім: Жоғары, жоғары білімнен кейінгі Техникалық және кәсіптік Орта	қыркүйек	әлеуметтік педагог	мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу
II. Бала құқығын қорғау жұмысы				
8	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен және қорғаншылармен ҚББ байланыса отырып жұмыс жүргізу.	жыл бой	әлеуметтік педагог	анықтама
9	Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу	тоқсан сайын	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер психолог	анықтама

10	«Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	қыркүйек, қазан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	мәлімет білім бөліміне
	Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспарын құру	Қараша	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	Анықтама
	«Қатыгездік және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» апалығы	қараша	ДТЖЖО Мектеп психологы Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер «Жас Ұлан» ұйымы	Анықтама
11	«Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын санаптарында эссе жазу.	желтоқсан	әлеуметтік педагог сынып жетекшілер	анықтама
13	«Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама	ақпан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог	анықтама
14	«Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг	сәуір	әлеуметтік педагог ДТЖЖО психолог	анықтама
III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс				
15	Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу.	жылына екі рет	әлеуметтік педагог және комиссия құрамы	Акт қамқоршының есебі
16	Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу	қыркүйек	ДТЖЖО сынып жетекші әлеуметтік педагог педагог психолог	анықтама
17	Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу.	жыл бойы	ДТЖЖО әлеуметтік педагог педагог психолог	тізім
18	«Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел	наурыз	әлеуметтік педагог психолог	анықтама

19	Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру	мамыр	әлеуметтік педагог	оқушы құжаттарын жинау
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
20	Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу	үнемі	әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекші педагог ұйымдастырушы	болған жағдайда
21	Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу.	үнемі		
22	Ата- апасымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау	үнемі		
23	Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу	жоспарға сай		
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
24	Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау.	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог ДТЖЖО	хаттама
25	Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау.	үнемі	әлеуметтік педагог	кеңес беру анасымен сұхбаттасу
26	Аудандық әкімшілік, және қалалық жұмыспен қамту орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау,	I.II.III.IV тоқсан	әлеуметтік педагог	
27	«Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен	наурыз	әлеуметтік педагог, психолог	хаттама

			ДТЖЖО . сынып жетекші	
	VI. Диагностикалау-талдау қызметі			
29	Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау	мамыр	әлеуметтік педагог	анықтама

	мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы.			
30	Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі	мамыр	әлеуметтік педагог	SVOT талдау
31	Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру	мамыр	әлеуметтік педагог	Жоспар әзірлеу

Әлеуметтік педагогтың м у а



А Ж Бакатова

Бұл құжатта-----бет
нөмірленіп, бауланған.
Мектеп директоры: Б.Е.Габдолова